«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Атырау облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаменті" республикалық
мемлекеттік мекемесі
"6" 03 2018 ж.
№ 08-9/352

«Атырау қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ-нің басшысы Г.Мендакуловаға

Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқама

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның (Әрі қарай - Заң) 16 бабына сәйкес, «Атырау қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін 16.01.2018 жылы жарияланған *№2203704*-1 «*Білімділер сайысын ұйымдастыру*» *(жоспарлы сомасы 4 500 000 теңге)* мемлекеттік сатып алуға бақылау жүргізіліп, анықталды:

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 19.02.2018 жылғы №1948849 қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес "Атырау жас өрендері" ҚБ, "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ, "Студенттер футбол лигасы" қоғамдық қоры және "Қазақстан жастарының Парламенті" қоғамдық қоры өтінімдерін ұсынып, конкурсқа қатысуға "Атырау жас өрендері" ҚБ жіберілген.

Конкурстық комиссиямен "Қазақстан жастарының Парламенті" қоғамдық қорының өтінімі *«әлеуетті өнім берушінің Техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 8 баллдан кем; тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкес келмеуі»* деген негіздермен бас тартылған.

ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 233 тармағында *«ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; 2)*

әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы; 6) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы» көрсетілген.

Сондай-ақ, осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептелінеді.

Бақылаумен, "Қазақстан жастарының Парламенті" қоғамдық қорының конкурстық өтінмін қарау барысында ұсынылған техникалық ерешелікте тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін іс-шара жоспары егжей-тегжейлі жасалып көрсетілген.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27 бабына және Қағиданың 234 тармағына қайшы "Қазақстан жастарының Парламенті" қоғамдық қорына 3 бал берілмей, өтінімі негізсіз бас тартылған.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабының 4 тармағы сәйкес:

- Аталған сатып алу бойынша конкурстық комиссия шешімін қайта қарап, бұзушылықтарды жоюды;
- Алдағы уақытта аталған бұзушылықтарды болдырмау мақсатында шаралар қабылдауды; **ҰСЫНАМЫН.**

Нұсқаманың орындалуы туралы 2018 жылғы "15" наурызға дейінгі мерзімде растайтын құжаттарды (бұйрықтардың көшірмелері және т.б.) қоса бере отырып, Департаментке хабарлансын.

Бір мезгілде аудит объектісінің басшысы нұсқамада көрсетілген кемшіліктерді толық жою және оларды алдағы уақытта болдырмау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға міндетті екенін Сізге хабарлаймыз. Осы нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 3-тармағына сәйкес жауапты лауазымды адамға қатысты әкімшілік іс қозғалады.

Департамент басшысының орынбасары Б.Анжанов

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:8 (7122) 31-90-38